

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

Қазақстан Республикасы
өділет министрлігі
Астана қаласының өділет
департаменті
Заңды тұлғаға мемлекеттік
қайта тіркеу жүргізілді
2006 жыл 16.03
Қуәлік № 11425-1901-АК
Алғашқы тіркелген күні 2006 жыл 02.02

«Самұрық» холдингі» АҚ
Атқарушы директоры
(Басқарма төрағасы)
міндетін атқарушының
2006 жылғы 21 маусымдағы № 9-п
бұйрығымен бекітілді

Қазақстан Республикасы
өділет министрлігі
Астана қаласының өділет
департаменті
Жарғыға (құрақ № 11425-1901-АК)
ЕНГІЗІЛГЕН СОҒИРТУДЕРМЕН ЖӘНЕ
ТӨРКЕУШІЛДЕРМЕН ТІРКЕЛДІ
2006 жыл 06.02

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Астана қ., 2006 жыл

Республика Казахстан, Город Астана, двадцать восьмое июня две тысячи шестого года.
 Я, нотариус города Астана, Бекова Кульшат Махметовна, действующая по лицензии за №0000041, выданной 25 апреля 1998 года Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи президента Акционерного Общества «Национальная компания «КазМунайГаз», Карабина Узакбая Сулейменовича.

Личность установлена, дееспособность, правоспособность Акционерного Общества «Национальная компания «КазМунайГаз», полномочия президента проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 8154

Сумма оплаченная нотариусу: оплачено.



3 ИЮН 2006
 мен, нотариус Тулеубаева Алма Кабышевна
 2002 жылы 29 мамыр Қазақстан Республикасының Әділет
 Министрлігінде берілген лицензия 0001049 бойынша осы
 кәсіптің құжат түр мұқабасымен дұрыстығын күштедім.
 Соғысыңда ошты, қосыл жазу, сызылған сөздер мен ісқағ
 да жарылыстарды түзету, не қандайда бір өзгешеліктер жоқ.
 Төлімше тізілген № 862
 Алынған ақпарат 46350
 Нотариус: Алма Кабышевна



Қазақстан Республикасы
 Әділет Министрлігі
 Ақаласының әділет
 Департаменті
 Астана қаласы

2006



1. ҚОҒАМНЫҢ ЗАНДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») Қазақстан Республикасы Президентінің «Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысына сәйкес құрылды.

Қоғам «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» және «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама деп аталады), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

3. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

4. Қоғамның қаржы және өндірістік қызметі шаруашылықтық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

5. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, толық фирмалық атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі бар.

6. Қоғам Қоғамның Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзінің тауарлық белгісі бар және рәмізге, үлгілерге, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде мортаңбаларға, фирмалық бланкілер мен басқа да реквизиттерге ие бола алады.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕРЗІМІ

7. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқаша - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз», қысқаша – АО «НК КазМунайГаз»;

ағылшын тіліндегі толық атауы – joint stock company «National company «KazMunayGas», қысқаша – JSC NC «KazMunayGas».

8. Қоғамның (оның Басқармасының) орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 22-үй.

9. Қоғамның қызмет мерзімі – шектеусіз.

3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның құрылтайшысы болып табылады.

«Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Холдинг) Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

11. Жарғы Қоғамның құрылтайшылық құжаты болып табылады.
12. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

5. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЫСАНАСЫ

13. Қоғамның мақсаты – дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.
14. Қоғам қызметінің нысанасы:
 - 1) мұнай-газ саласында бірінші мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
 - 2) уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмасымен республиканың мұнай-газ ресурстарын тиімді және ұтымды игеруді қамтамасыз ету;
 - 3) мұнай және газ ресурстарын пайдаланудың, үдете өндіру мен одан әрі пайдаланудың стратегиясын әзірлеуге қатысу;
 - 4) келісім-шарттарға міндетті үлестік қатысу арқылы мұнай-газ операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісім-шарттарда Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүдделерді білдіру;
 - 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес өнімді бөлу туралы келісімдерде мемлекеттің мүдделерін білдіру бойынша өкілетті органның функцияларын орындау;
 - 6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мұнай операцияларын жүргізуге арналған тиісті келісім-шарттарды орындау барысы туралы жыл сайынғы есептерді дайындауға қатысу;
 - 7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізу;
 - 8) тікелей келіссөздердің негізінде Қоғамға берілген блоктарда мұнай операцияларын жүргізу;
 - 9) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай-газ операцияларына конкурстар ұйымдастыруға қатысу;
 - 10) көмірсутегілерді барлау, игеру, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг;
 - 11) Заңнамада белгіленген тәртіппен мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;
 - 12) кен орындарын игерудің технологиялық мониторингін жүзеге асыру;
 - 13) мұнай мен газды көліктің барлық түрімен тасымалдау бойынша қызмет көрсету;
 - 14) көмірсутегі шикізатын, оның өңделген өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарда сату және маркетингі;
 - 15) көмірсутегі шикізатын тасымалдау жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттердің аумағындағы мұнай-газ жүйесін сақтау, тиесу және көліктің басқа да түрлеріне ауыстырып тиесу жөніндегі объектілерді қоса алғанда) жобалауды, қаржыландыруды, салуды, иелік ету мен пайдалануды жүзеге асыру;
 - 16) Қоғамның қызметіне байланысты жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру, жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу;
 - 17) белгіленген тәртіппен көмірсутегі шикізатын тасымалдау бойынша Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;
 - 18) жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;
 - 19) мұнай-газ секторын дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

20) мұнай-газ өнеркәсібі саласында басшылық пен басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша оның жұмыс органының функцияларын орындау, сондай-ақ мұнай-газ саласында мемлекеттің мүдделерін билдіру және сол мүдделерді қорғау;

21) отандық кадрларды оқытуға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға бағытталған түрлі бағдарламаларды қолдау және қатысу;

22) мұнай-газ және басқа да операциялар бойынша келіссөздер жүргізу және шарттар жасасу;

23) ғылыми-техникалық, өндірістік-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

24) мұнай-газ жобаларын дайындау және әзірлеу бойынша консалтингтік және техникалық қызмет көрсетулерін жүзеге асыру;

25) Қоғамның қызметіне байланысты жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелеріне сараптаманы жүзеге асыру және бекіту;

26) Заңнамамен тыйым салынбаған өзге қызмет болып табылады.

Лицензияның болуын немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен алу қажет рұқсаттың өзге де түрін талап ететін қызметтің түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрін алған соң ғана жүзеге асырылады.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15. Қоғамның Заңнамада көзделген барлық құқықтары бар және барлық міндеттерді көтереді.

16. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

17. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметіне байланысты залалдарға Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде төуекелде болады.

18. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

19. Мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні секілді, Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

20. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасап, мүлдіктік және жеке мүлдіктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алып, сотта талапкер немесе жауапкер болып, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

21. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып алып және бере алады.

22. Қоғам шығару, орналастыру, айналым және оларды өтеу шарттары мен тәртібі Заңнамада белгіленетін бағалы қағаздар шығара алады.

23. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ашып, өз мүлкінің есебінен оларға негізгі және айналым құралдарын беріп және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың бөлек балансында және тұтастай алғанда Қоғамның балансында да есептеледі.

24. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді Қоғам Басқармасының мақұлдауымен Қоғам президенті (Басқарма Төрағасы) тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхаттың негізінде іс-қимыл жасайды.

25. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

26. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық та, сондай-ақ шетел валютасында да есепшоттар ашуға құқылы.

27. Қоғам Заңнамаға сәйкес қазақстандық та, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгеде және шетел валютасында заемдар алуға және несиелерді пайдалануға құқылы.

28. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

29. Қоғам Жалғыз акционермен Қоғамның бірінші басшысының және оның орынбасарларының шетелдік іс-сапарларын келіседі.

30. Қоғам Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болып және басқа да міндеттерде бола алады.

7. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

31. Жалғыз акционер:

1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбесе, Қоғам сұрау салуды алған күнінен бастап отыз күннен кешіктірмей құпиялы сипаттағы ақпаратты қоса есептегенде, Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде аффилирленген ұйымдар қимасындағы ақпаратты, сондай-ақ Жалғыз акционер немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан өзінің Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын көшірме алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға (тағайындауға);

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде шағымдануға;

7) Қоғам органдары Заңнаманың және Жарғының нормаларын бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулар жасауға және сұрау салу Қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылғаннан кейін қалған Қоғам мүлкінің бір бөлігіне;

10) Заңнамада белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын басымдық сатып алуға;

11) Заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің қарауына берілуі үшін қосымша мәселелерді қосуды ұсынуға;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға талап етуге;

13) аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге құқылы.

32. Жалғыз акционер Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие бола алады.

33. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде тіркеушіге немесе осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді жария етпеуге;

4) Заңнамаға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

8. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

34. Қоғам акциялар, облигациялар, айырбасталатын және басқа да бағалы қағаздар, оның ішінде туындыларын шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарды шығаруының, орналастыруының, айналымы мен өтеуінің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

35. Қоғам тек жай акцияларды ғана шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына енгізілетін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ жай акция Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысы болған жағдайда дивидендтер алуға және Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған соң қалған оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

36. Қоғамның акцияларын шығару құжаттамалық емес нысанда жүзеге асырылады.

37. Жарияланған акциялар саны шегінде Қоғам акцияларын орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

Қоғам өз акцияларын олардың шығарылуын мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастырады.

38. Заңнамада көзделген жағдайлардан басқа, орналастырылатын акцияларды төлеуге ақша, мүлктік құқықтар (оның ішінде санаткерлік қызметтің объектілеріне арналған құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге де мүлікпен төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензияның негізінде іс-қимыл жасайтын бағалаушы айқындайтын бағамен жүзеге асырылады.

39. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жасауды, жүргізуді және сақтауды Қоғамның аффилирленген тұлғасы және оның аффилирленген тұлғасы болып табылмайтын Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі Заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

40. Егер:

- 1) кепілдікке берілген бағалы қағаздар толық төленсе;
- 2) Қоғамның кепілдігіне берілетін және онда кепілдіктегі акциялардың жалпы саны, Қоғам сатып алған акциялардан басқа, Қоғамның орналастырылған акцияларының көп дегенде жиырма бес процентін құраса;
- 3) Жалғыз акционер акцияларды кепілдікке салу туралы шартты мақұлдаса, Қоғам ол орналастырған бағалы қағаздарды кепілдікке қабылдай алады.

9. ДИВИДЕНДТЕР

41. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғамның оған тиесілі акциялар бойынша төлейтін Жалғыз акционердің кірісі дивиденд болып табылады.

42. Дивидендтерді төлеу ақшамен, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Жалғыз акционердің жазбаша келісім болғанда, мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтерді төлеуге жол беріледі.

43. Жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

Дивидендтерді есептеу туралы шешімді қабылдау кезінде Жалғыз акционер белгілеген мерзімде жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төленеді.

44. Тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

45. Жалғыз акционер Заңнамада және Жарғыда көзделген өз өкілеттіктері шегінде шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялап, жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің көлемі;
- 4) дивидендтерді төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

46. Жалғыз акционер Қоғамның берешегінің пайда болған мерзіміне қарамастан алмаған дивидендтерін төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде олар төленбеген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күніндегі қайта қаржыландырудың ресми ставкасынан туындай отырып есептелетін дивидендтер мен өсімақының негізгі сомасы Жалғыз акционерге төленеді.

47. Қоғамның өз капиталы теріс болғанда немесе егер Қоғам Заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Қоғамда дивидендтерді жариялаудан және төлеуден кейін пайда болса, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, Жалғыз акционерге жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді жүргізуге тыйым салынады.

48. Жарғының 47-тармағын бұза отырып жасалған іс-қимылдар Қоғам кредиторларының мүдделеріне залал жасалған ретінде қаралады және кез келген мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша сот оларды жарамсыз деп тануы мүмкін.

49. Қолма-қол нысанындағы дивидендтер қолма-қол есеп айырысумен немесе чекпен, банктің төлем тапсырмасымен, почта аударымымен немесе басқа да рұқсат етілген әдістермен төлене алады және Қоғам немесе төлем агенті арқылы төлене алады.

10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

50. Мыналар Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі болып табылады.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

51. Заңнамамен және Холдинг Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Холдинг Жалғыз акционер ретінде белгіленген тәртіппен қабылдайды.

52. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер

бойынша шешімдер қабылдауға міндетті. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға ұзартылған деп есептеледі.

53. Жалғыз акционердің шешімді қабылдауы үшін акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Қоғамның Басқармасы, онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі, Қоғамның Директорлар кеңесі, Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

54. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қалған мәселелерді енгізуге бастамашылық етеді.

55. Жалғыз акционердің қарауына акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қалған мәселелерді енгізуге Директорлар кеңесі бастамашылық етеді, ал еркін түрде тарату процесінде – Қоғамның тарату комиссиясы да бастамашылық ете алады.

Заннамада Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді міндетті енгізу жағдайлары көзделуі мүмкін.

56. Заннамада белгіленген жағдайлардан басқа, Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді енгізу бойынша шығыстарды Қоғам көтереді.

57. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер жөніндегі материалдарда осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат қамтылуы тиіс.

58. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ еркі бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

59. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда бір жылдағы дивидендтің көлемі туралы ұсыныстары;

4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық етушінің қалауы бойынша өзге де құжаттар.

60. Басқарма Жалғыз акционердің шешімдерін сақтауы және олар Жалғыз акционерге кез келген уақытта танысу үшін ұсынылуы тиіс. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оған Жалғыз акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

12. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

61. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Жарияланған акциялар саны шегінде Қоғам акцияларын орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру көлемі мен шарттарын белгілеу;

7) белгіленген тәртіппен Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

8) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

9) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда жыл қорытындылары бойынша дивидендтің көлемін бекіту;

10) осы Жарғының 47-тармағында аталған жағдайлар басталған жағдайда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

11) жиынтықта Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процент құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам оларды сатып алған кезде акциялардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;

13) Заңнамаға сәйкес Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын белгілеу;

14) жалғыз акционер белгілеген тәртіппен Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған стратегиялық бағыттарын бекіту;

15) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін әкімшілік аппаратты орналастыру үшін алаңдар нормасын айқындау;

16) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау;

17) Жалғыз акционердің шешімі бойынша қызметкерлерге мобильдік байланысты пайдалану құқығын беру кезінде Қоғам қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимиттерін, өкілдік шығыстар лимиттері мен өзге де лимиттерді белгілеу;

18) белгіленген тәртіппен Қоғамның президентін (Басқарманың төрағасын), бірінші вице-президентін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

19) олар бойынша шешімдер қабылдау Заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

62. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне, Қоғамның басқа да органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді беруге жол берілмейді.

63. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

13. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

64. Директорлар кеңесі Заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бапта белгіленген тәртіппен қабылданады.

65. Жалғыз акционердің шешімі бойынша мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін атқарған кезеңде сыйақы төленеді және (немесе) олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруға байланысты шығыстары өтеледі. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Осындай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

66. Егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, сондай-ақ Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған Стратегиялық бағыттарын мақұлдау және кейін Жалғыз акционердің қарауына шығару;
- 2) Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді енгізу;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту;
- 5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;
- 6) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (тағайындау), сондай-ақ Қоғамның президенті (Басқарма төрағасы) мен бірінші вице-президентінен басқа, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
- 7) президенттің (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 8) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) бекіту;
- 9) Қоғамның есептік саясатын бекіту;
- 10) белгіленген тәртіппен бағалаушы мен аудиторлық ұйымның көрсететін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 11) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін айқындау;
- 12) тізбесін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелер бекіту;
- 14) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы, сондай-ақ Заңнамада көзделген жағдайлардан басқа, олардағы үлестер мен акцияларды иеліктен айыру туралы шешім қабылдау;
- 15) Заңнамаға сәйкес белгіленген Қоғамның тіркеушісімен шартты бекіту;
- 16) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 17) Жарғының осы тармағының 19) тармақшасында аталған мәмілелердің тізбесіне кірмейтін Қоғамның ірі мәмілелер мен Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 18) Жалғыз акционер белгілеген тәртіппен Қоғамды Дамыту жоспарын (орташа мерзімдік бизнес-жоспарды), Қоғамның бюджетін (1 жылға арналған бизнес-жоспарды) бекіту;
- 19) жасасу туралы шешімін Қоғамның Басқармасы қабылдайтын Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмілелер тізбесін бекіту, сондай-ақ осындай шешімдерді қабылдау тәртібін айқындау;
- 20) тоқсанның, жартыжылдықтың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- 21) бекітуін немесе келісуін Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның, сондай-ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың басшы қызметкерлері лауазымдарының тізбесін айқындау;
- 22) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерін бекіту, тиімділіктің сақталуын қамтамасыз ету және оны талдау, сондай-ақ осындай рәсімдерді жетілдіру;

23) Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарды бекіту;

24) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, оның ішінде қаржы қызметі туралы ақпаратты алуының тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

25) Қоғамның міндеттемелерін оның жеке капиталының көлемінен он және одан да көп процентін құрайтын шамаға ұлғайту;

26) Заңнамада және Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша қызметіне жатпайтын өзге де мәселелер.

67. Тізбесі Жарғының 66-тармағында белгіленген мәселелер Қоғамның Басқармасына шешу үшін берілмейді.

Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

68. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

2) басқа адамдар (осы Жарғының 69-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады (тағайындалады).

69. Қоғамның акционері емес және Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана (тағайындала) алады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

70. Президенттен (Басқарма Төрағасынан) басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Президент (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде алты адам болуы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

71. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған (тағайындалған) адамдардың, егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына (қайта тағайындалуына) шек қойылмауы мүмкін.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) өткізілетін шешім қабылдау кезінде аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған (тағайындалған) жағдайда Жалғыз акционер өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

72. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды (тағайындайды).

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;

3) отырыстарда хаттама жүргізілуін ұйымдастырады;

4) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақысының шешімін белгілей отырып, Қоғамның атынан Қоғамның президентімен (Басқарма төрағасымен) жеке еңбек шартын жасайды. Бұл ретте осы жеке еңбек шартында Қоғам президентін (Басқарма төрағасын) материалдық ынталандыру мен жауапкершіліктің Қоғам қызметінің қорытындыларына және Даму жоспарының (орташа мерзімдік бизнес-жоспарының), Қоғам бюджетінің (1 жылға арналған бизнес-жоспарының) іске асырылуына тікелей тәуелділігі көзделуі тиіс.

5) Қоғамның атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайын аудит жүргізуге шарт жасайды;

6) Қоғамның ішкі аудитінің жеке құрылымдық бөлімшесі басшысының лауазымына кандидатураны келіседі;

7) Заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

73. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам басқармасының бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) жалғыз акционердің;
- 4) Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

74. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса, отырыс өткізілетін күнге дейін үш күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырысын сырттай тәртіппен өткізу туралы жазбаша хабарламаларға Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бірінғай нысан бойынша берілетін сырттай дауыс беру бюллетеньдері қоса беріледі.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы мен орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді Директорлар кеңесінің хатшысына беру күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетеньдері Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберген кезде Директорлар кеңесінің хатшысы олардың дұрыстығы мен олардың бірдей жасалуын өзінің қолымен растайды.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты мен орны туралы мәліметтер, оның күн тәртібі, сондай-ақ қатысып өткізілетін отырыс өткізілген кезде Директорлар кеңесі мүшесінің ол отырысқа қатыса алмаған жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірмені қамтуы тиіс.

75. Қоғамның ішкі құжаттарында Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивтік аудиовизуалдық

байланыс), конференц-байланыс («телефондық кеңес» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде әңгімелесуі) арқылы қатысуы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатысуы көзделуі тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын немесе Директорлар кеңесінің хатшысын оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын-ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарландыру арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі жазбаша хабарландыру жіберу арқылы білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты білдірілген позиция;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарландыру беруі кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептегенде ескеріледі және осы Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарландыру жіберуі арқылы дауыс бергені туралы жазу жасалатын отырыстың хаттамасына тігіледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібі бойынша жазбаша хабарландыруды Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Директорлар кеңесінің хатшысына беруі тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша жазбаша хабарландыруды бұрын берген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру әдісі қолданылатын Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

76. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмайды және Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған жағдайда) ескеріле отырып айқындалуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдындағы абзацтыңда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Жалғыз акционердің қарауына енгізуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына енгізу туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

77. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауыс беру құқығы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңнамада немесе Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жарғының 66-тармағының 17) тармақшасында аталған Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмілелер жасау туралы шешім оны жасауға мүдделілігі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер осындай мәмілені жасауға мүдделілігі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан аз болса, оны жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның берген дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

78. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша оның шешімдерін Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша сырттай

дауыс беру арқылы да қабылдау мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша нысанда ресімделіп, Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасы оған қол қоюы тиіс және онда:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімі жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешімді қабылдау үшін кворумның бар-жоғы туралы жазу;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап он екі күн ішінде олардың негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдер қоса беріле отырып, ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

79. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс бергені туралы жазу (осындай жазбаша хабарландыру болған жағдайда);
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер, сондай-ақ қойылған қолдары бар бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, Қоғамның мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

14. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

80. Ағымдағы қызметке басшылық жасауды Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады. Қоғамның Басқармасын президент (Басқарма төрағасы) (бұдан әрі – президент) басқарады.

Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдайды, оның ішінде:

- 1) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге де органдарының, президенттің (Басқарма төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерден, сондай-ақ Жарғының 66-тармағының 19) тармақшасында аталған мәмілелер тізбесіне кіретін

- Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмілелерден басқа, Қоғамның мәмілелерді жасасуы туралы шешімдер қабылдайды;
- 2) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штаты (жалпы саны) ескеріле отырып, Қоғамның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымы мен штат кестесін бекітеді, сондай-ақ Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) бекітеді;
 - 3) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді;
 - 4) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Жарғының 66-тармағының 12) тармақшасында аталған құжаттардың тізбесіне кірмейтін құжаттарды бекітеді;
 - 5) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің, оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;
 - 6) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
 - 7) белгіленген тәртіппен Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдайды;
 - 8) Жарғының 66-тармағының 12) тармақшасында аталған құжаттардан басқа, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту тәртібін белгілейді;
 - 9) жарғылық капиталдарында Қоғамның акциялар пакеті (қатысу үлесі) бар ұйымдарға қатысты Қоғамның акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыруының тәртібін белгілейді;
 - 10) Қоғамның дамуының 5 жылға арналған Стратегиялық бағыттарының, Қоғамның Даму жоспарының (орташа мерзімдік бизнес-жоспарының), Қоғамның бюджетінің (1 жылға арналған бизнес-жоспарының) жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне береді;
 - 11) Қоғамның Даму жоспарын (орташа мерзімдік бизнес-жоспарын), Қоғамның бюджетін (1 жылға арналған бизнес-жоспарын) дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың орындалуы үшін жауапкершілікте болады;
 - 12) Жалғыз акционерге жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың жиырмасыншы наурызына дейін Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер көлемінің болжамды көрсеткіштерін береді;
 - 13) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және қолдану үшін жауапкершілікте болады;
 - 14) Директорлар кеңесіне Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақытылы хабарлайды;
 - 15) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешім қабылдайды.
81. Басқарма сұрау салуды алған сәтінен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларын орындаған кезде Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпиялы сипаттағы ақпаратты уақытылы беруді қамтамасыз етеді.
82. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- Қоғам Басқарманың Қоғам белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәміленің жарамдығын, егер мәмілені жасау кезінде тараптардың мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, даулауға құқылы.
83. Басқарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ Басқарманың өзге де өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Басқармасы туралы ережемен айқындалады.
84. Жалғыз акционердің өкілдері және Жалғыз акционердің өкілдері болып табылмайтын Қоғамның қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындап, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдалануы тиіс.

Басқарма мүшелері Қоғамның мүлкін Жарғыға, Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қарама-қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауы немесе солай пайдаланылуына жол бермеуі және өздерінің аффилирленген тұлғаларымен мәмілелер жасасқан кезде оны теріс пайдаланбауы тиіс.

Басқарма мүшелері Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық ету, президентке хабарлау арқылы немесе өзге де қол жеткізімді әдіспен залалды болдырмау, Қоғамның қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Басқарма мүшелері президентке олар жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істердің жай-күйі туралы хабарлайды.

Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңнамамен, Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлға Қоғаммен жасайтын жеке еңбек шартымен айқындалады. Қоғамның атынан президентпен жасалатын жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі соған уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

85. Басқарма кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

86. Егер отырысқа Басқарма мүшелерінің 2/3-і қатысса, оның ішінде отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша түрде дауыс берген Басқарманың қатыспаған мүшелері, ол өткізілді деп саналады.

Басқарма мүшесі өзінің Басқарма отырысына қатыса алмайтыны туралы президентке алдын-ала хабарлауға міндетті. Отырысқа қатыспаған Басқарма мүшесі жазбаша хабарландыру арқылы Басқарма отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Аталған жазбаша хабарландырудың мазмұны, оны беру мен ол берген дауысты есепке алу тәртібі Жарғының 75-тармағының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

